

ОЙЫЛДЫҢ ЖОЛЫ «ОЙЫЛЫП» ЖАТЫР ОҒАН КІНӘЛІ КІМ?

ҚОБДАМЕН АРАҒА ТАС ЖОЛ САЛЫНҒАНДА КӨЗІН АШҚАЛЫ ЖОЛ АЗАБЫН КӨРГЕН, ЖАМАП-ЖАСҚАЛҒАН КҮРЕ ЖОЛ ӨБДЕН ТИТЫҚТАТҚАН ОЙЫЛДЫҚТАРДЫҢ БӨРКІН АСПАНҒА АТА ҚУАНБАҒАНЫ ЖОҚ ШЫҒАР... БІРАҚ ЕЛДІҢ ШАТТЫҒЫ ҰЗАҚҚА СОЗЫЛМАЙ, 15 ЖЫЛДА ОРТА ЖОЛДАН САП ТЫЙЫЛАТЫН ТҮРІ БАР. ХАЛЫҚҚА ДЕМ БЕРГЕН ДУМАННЫҢ БҰЛАЙША СУ СЕПКЕНДЕЙ БАСЫЛУЫНЫҢ СЕБЕБІ НЕ? 15 ЖЫЛ БОЙЫ СОЛ УАҚЫТТАҒЫ ОБЛЫС БАСШЫСЫ ЕЛЕУСІН НАУРЫЗБАЙҰЛЫНА АЛҒЫС ЖАУДЫРЫП ЖҮРГЕН ЖОЛЫМЫЗ 10 КҮНДЕ ОЙДЫМ-ОЙДЫМ БОЛЫП, ШАШЫЛЫП ҚАЛДЫ



Оған кінәлі кім? Ойыл – Қараой бағытындағы жол құрылысын жеңіп алған мердігердің 40 градус ыстықта жүрген 40 тонналық ауыр жүк көліктері. «Жер астынан жік шықты» демекші, Қараойдың жолына құрылыс материалдарын тасып болғанша, күре жолдың асфальт төсендісі ойдым-ойдым шұңқырға айналып, үстіңгі қабаты сыпырылып түсіп қалып, баяғы таз қалпына түседі. Осы орайда «Көсегемді көгерткенің бар болсын...» деп басталатын тұрақты сөз тіркесі есімізге еріксіз

түседі. Ойдымы шығып, орға айналған мынадай жолдың қауіпі көп. Енді шаңы бұрқырап, бетке ұратын бұрынғы грейдер жолымызға жете алмай, жер сипап қалмаймыз ба? Кеше «AMANAT» патриасының партиялық бақылау комиссиясының мүшелері Ойыл-Қобда бағытындағы күре жолдарға есептелмеген шамадан тыс ауыр көліктердің кесірінен ойықтар пайда болып, жүргізушілерге қауіп төндіріп отырғандықтан, жолдың жағдайымен танысып қайтты. Дереву тиісті шаралар қабылдап,

күзіретті мекемелерге ұсыныстар жолданды. Жүргізушілер базынасын айтып жатыр. Орынды. Жолдың қауіпті тұстарында арнаулы жол белгілері де жоқ. «Жаман айтпай, жақсы жоқ». Неге біз оқиғаның орын алуын күтеміз? Шеті сетінеген жол шашыла береді. Бұл күрмеуі қиын мәселе емес. Сондықтан, дереу ауыр көліктердің жүруін тоқтату керек. Мұны біз бүгін қолға алмасақ, ертең бәрі кеш болады. Енді бізге мұндай жол қайта салынбайды. Ал, жамалған

ан жолдың жайын көріп жүрміз. Қалай болғанда да, қазір осы жолдың мәселесі ушығып тұр. **Р. С. «ҰРЫСТА ТҮРІС ЖОҚ» ДЕН. ТЫҒЫРЫҚҚА ТІРЕЛГЕН ОЙЫЛДЫҚ ЖҮРГІЗУШІЛЕР МҰҢ-ЗАРЫН АЙТЫП, ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІГЕ ТАРАТУДА. КҮРЕ ЖОЛДЫҢ ҚАЗІРГІ КҮЙІП КӨРІП КҮЙІНГЕН ҚАРАША «ҚАРА ЖОЛҒА» АРАША СҰРАЙДЫ.** Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ, Ойыл селосы.

ШӨПТІҢ БАҒАСЫ ШАРЫҚТАМАСА ДЕҮІМІЗ!

БІЗДІҢ АУДАНДА ҚЫСҚЫ МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ НАУҚАНЫ ШІЛДЕ АЙЫНЫҢ БАСЫНАН БАСТАЛДЫ. ЖЫЛДА ҚУАҢШЫЛЫҚ САЛДАРЫН МАЛ АЗЫҒЫН МАУСЫМ АЙЫНАН БАСТАЙТЫН ШАРУАЛАР БИЫЛ АСЫҒЫСТЫҚ ТАНЫТПАДЫ. СЕБЕБІ ЖАУЫНСЫЗ ЖЫЛДАРДА ШӨПТІҢ ҚҰРАП, ҚҰНАРЫҢ ЖОҒАЛТПАСЫ ҮШІН МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ НАУҚАНЫНА ЕРТЕ КІРІСЕТІН-ДІ. АЛ, БИЫЛ КЕРІСІНШЕ КӨКТЕМГІ ЫЛҒАЛ МАМЫР АЙЫНЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН ЖАТЫП, СОҢЫ ЖАҢБЫРМЕН ЖАЛҒАСТЫ. СОҢҒЫ 20 ЖЫЛДА ТАСЫМАҒАН КӨЛ ТАБАНДАРЫ АҚ НӨПІРГЕ ТОЛДЫ. СОҢЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ҚЫРДЫҢ ДА, КӨЛДІҢ ДЕ ШӨБІ ҚАЛЫҢ ШЫҚТЫ.



Биыл жалпы аудан бойынша қысқа 218,1 мың тонна шөп қажет. Қазіргі таңда 74 мың тонна шөп шабылып, дайындалған. Нақтырақ айтсақ, 2077 аула болса, әзірше 183 аулаға мал азығы түсіп тұр. Бұл көрсеткіш 8,8 пайызды құрайды. Бүгінде жалпы аудан бойынша шөп шабатын 76 бригада бар. Олар 99 трактор, 91 тіркеме, 88 шөп шабатын, 70 шөп буатын, 88 тырма сынды арнайы техникалармен қамтылған. Мал азығын әзірлеуге толықтай мүмкіндік бар. Шөптің бағасына келсек, бір түйе 450-500 теңге. Бұл мешін жылындағы бағадан аса түсе қоймағанын аңғартады. Қарапайым халық шөптің қымбаттығын айтқанымен, әзірге баға түсер емес. Былтыр қуаңшылық пен қыстың ұзаққа созылуынан бағаның өскені рас. Ел абдырап, қараша халықтың өзегі талған шақта шөп бағасы шарықтап кетті. Ал, қазір шөп бағасының қымбаттауына ешқандай негіз жоқ.

Өткен сенбіде шөп бағаларының тұрақтылығы қадағаланып, алғашқы мал азығының жәрмеңкесі басталды.

Төрт түлігін күнкөріс көзіне айналырған тұрғындар шөп бағасына қанша алаңдағанымен арамыздан шөп бағасы осындай бағада болу керек деген байламға келер ешбір жанды көрмедік. Ашығын айтсақ, бір бума шөп көлемі де көңіл көншітер емес. Былтыр қуаңшылық пен қыстың ұзаққа созылуынан бағаның өскені рас. Ел абдырап, қараша халықтың өзегі талған шақта шөп бағасы шарықтап кетті. Ал, қазір шөп бағасының қымбаттауына ешқандай негіз жоқ.

Р.С. Бір қуанарлығы біздің ауданда мал саны жыл сайын артып келеді. Аудандық ауыл шаруашылық және кәсіпкерлік бөлімінің мәліметінше быыл қысқа 44135 бас ірі қара, 181558 бас қой-ешкі, 16991 бас жылқы, 83 бас түйе түседі деген болжам бар.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

КӨТЕРМЕ ЖОЛҒА КӨП ЖӨНДЕУ ҚАЖЕТ!

АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗЕКТІ КЕЗДЕСУ ЖИЫНЫ ӨТКЕН ЖҰМАДА ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ МЕН ҚҰБАСАЙ ЕЛДІ МЕКЕНІНДЕ ЖАЛҒАСТЫ. КЕЗЕКТІ ІС-САПАРЫН ҚҰБАСАЙ ЕЛДІ МЕКЕНІН БАСТАҒАН АУДАН ӘКІМІ ШАҒЫН АУЫЛДЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ КӨКЕЙІНДЕГІ ҰСЫНЫС-ПІКІРЛЕРІН ТЫҢДАП, КЕЗЕКТІ САУАЛДАРЫНА ЖАН-ЖАҚТЫ ЖАУАП БЕРДІ.



Құбасайлықтарды толғандырып отырған негізгі мәселе ауыз су мен жол қатынасы. Ауыз мәселесіне келсек, Құбасайға былтыр көшенді мөдүлді ауыз су орнатылған болатынды. Қазір бұл жүйе ауыл тұрғындарына таза ауыз сумен қамтуға жарамсыз. Бұл мәселе бойынша тез арада жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін ауыл әкімі Айбек Сұлтанова тапсырма берілді. Сондай-ақ құбасайлық шаруа қожалықтар мал азығын қамту үшін әкімшілік жерінен қосымша жер берілсе деген ұсынысы айтылды. Ал, Қараойда жол мәселесі өзекті болып тұр. Себебі көктемгі су тасқыны салдарынан көтерме жолдың бірнеше жерін жарып кеткен. Қазір тұрғындар ол жерлерден көтерме жолдан түсіп, айналып өтіп жүр. Бұл ашық-жарықта жүре беруге болғанымен жауын-шашынды күндері қатынасты қиындататыны айтпаса да түсінікті. Аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы айтулы мәселеден хабардар

екенін ашып айтты. Қазір көтерме жолға жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін арнайы қаржы қаралып, мердігер іздеп жатқандығын жеткізді. Сонымен қатар осы Қараой бағытындағы жолды асфальттау жұмыстары басталып жатқандығын мәлім етті. Сондай-ақ тұрғындар тарапынан мал азығын дайындауға қосымша жер сұралып, мал ауруына байланысты ұсыныс-пікірлер айтылды. Аудан әкімі Асқар Қазыбаев шаруа қожалықтарына мемлекеттен берілетін қолдаулар мен пайызы төмен несиелерді тиімді пайдалану керектігін баяндап, ауыл тұрғындарын тазалық жұмыстарына белсенділік танытуға шақырды.

КЕЗДЕСУ СОҢЫНДА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ ПЕН БІРҚАТАР МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРА АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫН ЖЕКЕ САУАЛДАРЫ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Құбасай-Қараой-Ойыл.

САРБИЕЛІКТЕРДІҢ ЕРТЕҢГЕ СЕНІМІ ЗОР

ӨТКЕН СӨРСЕНБІДЕ АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУ ЖИЫНЫН ӨТКІЗДІ.



Алдымен Қаракөл елді мекенінде болған аудан әкімі ауыл тұрғындарына ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша бірінші жарты жылдықта атқарылған жұмыстар легіне тоқталды. Ойыл ауданының Батыс Қазақстан облысы, Атырау облысымен шектесетін шағын ауылдағы тұрғындардың тілегіне құлақ тосып, мал шаруашылығымен айналысып отырған ағайынға мемлекеттік бағдарламалардың барлық жеңілдіктерін түсіндірді. Ауыл шаруашылық техникаларын алу жолдарына бағыт-бағдар көрсетті. Қаракөлде ауыз су мәселесі шешілген. Ауыл тап-таза. Бастауыш мектепте ауылдың бірқатар тұрғындары ұстаздықтан кіші қызметкерлікке дейін қызмет етуде. Тұрғындардың дені мал-

дың арқасында табыс көзін тауып отыр. Биыл Қаракөлге молынан келген табиғаттың сыйы бос көп табандарын суға толтырды. Бұл мүлден бөлек құс бағам дегендерге үлкен мүмкіндік болмақ.

Әрі қарай жалғасақ, аудан басшысы тұрғындармен кездесуін Сарбие ауылдық округінде жалғастырды. Мұнда да ер сала бойынша ауданда

атқарылған ауқымды жобалармен ауыл тұрғындарын хабардар етті. Сарбиеліктердің көкейтесті проблемаларының бірі жол, көгілдір отын мәселесі бойынша қазіргі таңда тиісті мекемелермен бірге қызу жұмыстанып жатқандығын жеткізді. Жол мәселесі бойынша, Биыл Ойыл-Сарбие-Қараой бағытындағы көтерме жолды асфальттау жұмыстары басталып кеткендігін айтты. Биыл аталған бағыттағы жолдың 15 шақырымы асфальтталады. Келесі жылы бұл жұмыстар жалғасын тауып, шалғайда жатқан округтер асфальтталған жолдың игілігін көп ұзамай көретін болады деген сенім білдірді. Сарбиеліктердің де басты тілегі осы. Себебі «Жол азабын жүрген біледі», - демекші жолдың ауырталлығы көктем мен қыс мезгілдерінде қиындап кететін айтпасада түсінікті еді. Сондай-ақ Сарбиедегі тұрғындар тарапынан қозғалған тағы бір мәселе округтен аудан орталығына қатынайтын такси қызметі яғни, жолақысы себепсіз көтеріліп кеткен. Бұл жөнінде округ әкімі Дәурен Бисебаев бағаны тұрақтандырып, түсінік жұмыстарын жүргізетіндігін жеткізді. Айта кетсек, Сарбиеде мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, мал басын көбейтіп отырғандардың қатары көбейіп келеді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы техникаларын жаңартып, мемлекеттің қолдауын тиімді пайдаланып, түрлі субсидиялар мен гранттар алуға өбден бейімделгенін байқауға болады.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Қаракөл-Сарбие-Ойыл.

ЖҮРЕК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ДӘРІГЕРЛЕРІ РЕСПИРАТОРЛЫҚ ҚОЛДАУ БОЙЫНША НҮСҚАУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТРЕНИНГТІ АЯҚТАДЫ

2022 жылдың 11-15 шілдесі аралығында Жүрек Орталығында респираторлық қолдау бойынша нұсқаушылар үшін симуляциялық курс өткізілді. Тренингте клиниканың ересектер мен балалар анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімдерінің меңгерушілері мен дәрігерлері қатысты. Қызметкерлер өртүрлі өлемдік брендтердің өкпені жасанды желдету (ӨЖЖ) аппараттары арқылы пациенттерді респираторлық қолдаудың заманауи тәсілдерімен танысты және манекендерде симуляциялық сценарийлерді пысықтады.

Тренингті GISP педиатриядағы симуляция бойынша халықаралық тобының үйлестірушісі, Дмитрий Рогачев атындағы Балалар гематологиясы, онкология және иммунология ұлттық медициналық зерттеу орталығының аккредиттеу және симуляция бөлімінің басшысы Уго Лойска жүргізді. Оқыту барысында дәрігерлер теориялық бөліммен танысты,

пациенттерде тыныс алу жеткіліксіздігі кезіндегі ӨЖЖ аппараттары режимдерінің параметрлері мен сыныптамаларын зерттеді. Курсқа қатысушылар алған білімдерін оқытудың практикалық бөлігінде бекітті, оның барысында нақты жағдайлар режимінде медициналық аппаратура мен жабдықтар қолданылды. Тренинг соңында манекендердегі күрделі клиникалық жағдайлардың симуляциялық сценарийлері пысықталды. Оқытудың бұл тәсілі мамандарды пациенттерді басқаруда жедел және тиімді шешім қабылдау үшін дайындауға көмектеседі. «Бұл курс белсенді форматта, тапқылаулармен және сапалы кері байланыспен өтті. Артықшылығы – клиникалық мәселелерді шешуде жаңа білімді қолдану және дағдыларды клиникада тікелей дамыту мүмкіндігі болды. Операциялар кезінде және операциядан кейінгі қалпына келтіру кезінде өкпені жасанды желдету аппараттары пациенттердің орнына тыныс алуды қолдай-

ды. Сондықтан, пациенттердің жағдайына байланысты жабдықтың параметрлерін реттей білу, олардың тез сауығуы үшін маңызды», - деп бөлісті Жүрек Орталығының анестезиология бөлімінің клиникалық-академиялық директоры Айдын Қуанышбек.

Респираторлық қолдауды оқыту едістемесі симуляциялық тренингтер өткізуге білікті нұсқаушыларды дайындауға және олардың кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған. Курс аяқталғаннан кейін қатысушылар GISP педиатриядағы симуляция бойынша халықаралық тобының нұсқаушы ретінде курстарды өткізу құқығын беретін халықаралық сертификаттарын алды. Айта кетейік, Жүрек Орталығының мамандары өз оқу базасын құрып, клиникада респираторлық қолдау бойынша осындай тренингтер өткізуді жоспарлап отыр.

Жүрек Орталығының баспасөз қызметі

ВРАЧИ ЦЕНТРА СЕРДЦА ПРОШЛИ МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТРЕНИНГ ДЛЯ ИНСТРУКТОРОВ ПО РЕСПИРАТОРНОЙ ПОДДЕРЖКЕ

С 11 по 15 июля 2022 года в Центре Сердца был проведен симуляционный курс для инструкторов по респираторной поддержке. В обучении приняли участие заведующие и врачи взрослого и детского отделения анестезиологии, реанимации и интенсивной терапии клиники. Персонал ознакомился с современными подходами респираторной поддержки пациентов через практику на аппаратах искусственной вентиляции легких (ИВЛ) различных мировых брендов и отработал симуляционные сценарии на манекенах.

Тренинг прошел под руководством Уго Лойска, координатора Международной группы по симуляции в педиатрии GISP, заведующего аккредитованно-симуляционным центром НМИЦ ДГОИ им. Дмитрия Рогачева. В ходе обучения врачи ознакомились с теоретической частью, изучили параметры и классификации режимов аппаратов ИВЛ при дыхательной недостаточности у пациентов.

Полученные знания участники курса закрепили на практической части обучения, во время которой использовались медицинская аппаратура и техника в режиме реальных условий. В завершении тренинга были проработаны симуляционные сценарии сложных клинических случаев на манекенах. Такой подход в обучении помогает подготовить специалистов к принятию оперативных и наиболее эффективных решений при ведении пациентов.

«Данный курс прошел в активном формате, с обсуждениями и качественной обратной связью. Преимуществом стало возможность применить знания при решении клинических задач, и отработать навыки непосредственно в клинике. При проведении операций и при восстановлении в послеоперационном периоде, аппараты искусственной вентиляции легких поддерживают дыхание вместо самих пациентов. Поэтому, знание и умение настро-

ить параметры оборудования в зависимости от состояния пациентов важны для их скорейшего выздоровления», - поделился Айдын Куанышбек, директор клиники-академического департамента анестезиологии Центра Сердца.

Методология преподавания респираторной поддержки была нацелена на подготовку квалифицированных инструкторов по проведению симуляционных тренингов и повышению их профессиональных навыков. По завершении курса участники получили сертификаты международного образца от Международной группы по симуляции в педиатрии GISP, предоставляющие право на проведение курсов в качестве инструкторов. К слову, специалисты Центра Сердца планируют создать собственную учебную базу и проводить подобные тренинги по респираторной поддержке в клинике.

Пресс-служба Центра Сердца

ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОБАЙҚАУЛАРДЫҢ МЕРЗІМІ ҰЗАРТЫЛДЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



CISC



ЭФ «Экологический Фонд Казахстана»

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ЭКОБАЙҚАУЛАР ЖАЙЛЫ ҚОСЫМША АҚПАРАТ

www.ecoblog.kz

www.ekofond.kz

 [eco.fond](https://www.facebook.com/eco.fond)

 [eco.fondast](https://www.instagram.com/eco.fondast)



Қазақстанның экологиялық қоры оқушыларға арналған республикалық экобайқауларға жұмыстарды қабылдау мерзімінің ұзартылғандығын хабарлайды.

Дүниежүзілік банктің мәліметтері бойынша, жыл сайын адамзат өлемде 2 миллиард тоннадан астам тұрмыстық қатты қалдықтарды шығарады. 2050 жылға қарай бұл көрсеткіш 3,4 миллиард тоннаға дейін көтерілуі қаупі бар.

Ал БҰҰ мәліметі бойынша, өлем халқының жартысына жуығы су тапшылығынан зардап шегеді. Сарапшылардың бағалауынша, өлемде 780 миллионнан астам адам таза ауыз суға зәру. Ал 1,7 миллиард адам тұщы суға мұқтаж. Жыл сайын өлемде таза судың жетіспеушілігі мен анти-санитариялық жағдайдың салдарынан мыңдаған адам қайтыс болады.

Жалпы осындай экологиялық мәселелерді ескере отыра, Қазақстанның экологиялық қоры мектеп жасындағы жас ұрпақпен тығыз жұмыс атқарып келеді. Сонымен қатар жастардың назарын экологиялық мәселелерге аудару, өрі білімдерін кеңейту мақсатында түрлі іс-шаралар өткізіп, байқаулар ұйымдастырып отырады.

Биылғы жылдың 1 маусымынан

бастап Қазақстанның экологиялық қорының бастамасымен 3 байқау өткізіліп отыр:

1. **«Қоқысты қайта өңдеу», «Менің ең жақсы аулам» республикалық байқауы.** Мақсаты – оқушылардың тұрмыстық қалдықтарды өңдеу және қайта өңдеу әдістері туралы, білімдерін кеңейтуге үлес қосу.

2. **«Мен үйдегі суды қалай үнемдеймін» республикалық байқауы.** Мақсаты – мектеп оқушыларының инновациялық іс-әрекетке баулу арқылы олардың шығармашылық қабілеттері мен әлеуетін ашу және іске асыру, суды үнемдеу көзқарасын қалыптастыру.

3. **Жас блогерлерге арналған «Ең үздік эковидео» республикалық байқауы.**

Мақсаты – экологиялық тақырыптағы видеороликтер базасын құру және жаппай тарату арқылы оқушылардың экологиялық тәрбие беру жолдары туралы білімдерін кеңейтуге және халықты табиғатты қорғау саласындағы нақты іс-әрекеттерге ынталандыруға ықпал ету.

Байқау шарттары бойынша, өр байқаудың тақырыбына сай 2 минуттан аспайтын қызықты видео түсіріп, 15 шілдеге дейін жіберу болатын. Алай-

да Қазақстанның экология қорының оқырмандарының тарапынан келіп түскен көптеген өтініштерге байланысты, сонымен қатар оқушылардың жазғы демалысын ескере отырып, **ЖҰМЫСТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ ҰЗАРТЫЛДЫ. Енді қызығушылық танытқан оқушылар байқауларға видеоларын 31 шілдеге дейін жібере алады.**

Байқаулардың қорытындысы биылғы жылдың қыркүйек айында шығарылады. Ал жеңімпаздар дипломдар, кітаптар, бағалы сыйлықтармен марапатталады. Басты сыйлық – су жаңа ноутбук.

Айта кетейік, байқаулар «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ және ҚР Ақпарат және ҚР Ақпарат және «Жастар арасында экологиялық мәдениетті нығайту жөніндегі іс-шаралар көшенін әзірлеу және жүзеге асыру» жобасы аясында өткізіліп отыр.

Өр конкурс туралы толық ақпарат төменде Қазақстанның мектеп оқушыларына арналған «Қалдықтарды қайта өңдеу», «Менің ең жақсы аулам» видео байқауы

Дүниежүзілік банктің мәліметтері бойынша, жыл сайын адамзат өлемде 2 миллиард тоннадан астам

тұрмыстық қатты қалдықтарды шығарады. 2050 жылға қарай бұл көрсеткіш 3,4 миллиард тоннаға дейін көтерілуі қаупі бар.

2021 жылы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің деректері бойынша республикада 7300 өздігінен пайда болатын полигондар болса, оның 88 пайызы жойылған, бұл 6600 полигонды құрайды. Қалдықтарды қайта өңдеу үлесі 2021 жылы 20,2% құрады. Ал 2020 жылдың сәйкес кезеңінде бұл үлес 15,8%-ды құраған.

«Қазақстанның экологиялық қоры» қоғамдық қоры 1 маусымнан бастап Қазақстанның 10-17 жас аралығындағы мектеп оқушылары арасында «Қоқысты қайта өңдеу», «Менің ең жақсы аулам» республикалық байқауының басталғанын хабарлайды.

Байқау «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ және ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Жастар арасында экологиялық мәдениетті нығайту жөніндегі іс-шаралар көшенін әзірлеу және жүзеге асыру» жобасы аясында өткізілуде.

Байқаудың мақсаты - оқушылардың тұрмыстық қалдықтар туралы білімдерін кеңейтуге, қоқысты бөлек жинау қажеттігін түсінуге, қоқысты сұрыптауды үйретуге ықпал етеді; қоршаған ортаға үнемді қатынасты тәрбиелеу, сонымен қатар мектеп оқушыларының экологиялық мәдениетін дамыту және қалыптастыру.

Конкурсқа қатысу үшін 2022 жылдың 31 шілдесіне дейін келесі номинациялар бойынша мемлекеттік немесе орыс тілінде видеомаатериал дайындау қажет.

«Қоқысқа екінші өмір сыйлайық»; «Үйдегі қоқысты қалай сұрыптаймын»;

«Менің аулам – ең таза аула».

Байқаудың қорытындысы биылғы жылдың қыркүйек айында шығарылады. Ал жеңімпаздар дипломмен және құнды кітаптармен марапатталады.

Оқушыларға арналған «МЕН ҮЙДЕГІ СУДЫ ҚАЛАЙ ҮНЕМДЕЙМІН» атты видеороликтер байқауы

БҰҰ мәліметі бойынша өлем халқының жартысына жуығы су тапшылығынан зардап шегеді. Сарапшылардың бағалауынша, өлемде 780 мил-

лионнан астам адам таза ауыз суға зәру. Ал 1,7 миллиард адам тұщы суға мұқтаж. Жыл сайын өлемде таза судың жетіспеушілігі мен анти-санитариялық жағдайдың салдарынан мыңдаған адам қайтыс болады.

Біздің елімізде де су ресурстарының тапшылығы байқалады, болжамдар бойынша еліміз 2040 жылға қарай су ресурстарының айтарлықтай тапшылығына тап болуы мүмкін. Елімізде мектеп оқушыларының инновациялық іс-әрекетке баулу арқылы олардың шығармашылық қабілеттері мен әлеуетін ашу және іске асыру үшін мектеп оқушыларына ұқыптылық пен суды үнемдеу көзқарасын қалыптастыру мақсатында **«Қазақстанның экологиялық қоры» қоғамдық қоры** еліміздің 1-9 сынып оқушылары арасында 1 маусымнан бастап **«Мен үйдегі суды қалай үнемдеймін»** атты республикалық байқауын өткізеді.

Байқау «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ және ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен **«Жастар арасында экологиялық мәдениетті нығайту жөніндегі шаралар көшенін әзірлеу және жүзеге асыру»** жобасы аясында өткізіледі.

Байқаудың мақсаты- байқау су ресурстарын ұқыпты пайдаландыру насихаттауға жастарды тартуға ықпал етеді; Қазақстан Республикасында экология мәселелерін шешуде жастардың интеллектуалдық әлеуетін дамытуға жағдай жасау.

Байқауға қатысу үшін 2022 жылдың 31 шілдесіне дейін мемлекеттік немесе орыс тілінде бейнемаатериал дайындап, ұйымдастырушыларға жіберу қажет.

Байқау қорытындысы биылғы жылдың қыркүйек айында шығарылады. Ал жеңімпаздар дипломдармен және құнды кітаптармен марапатталады.

Жас блогерлерге арналған «Ең ҮЗДІК ЭКОВИДЕО» видеобайқауы

Осы жылдың сәуір айында «Қазақстанның экологиялық қоры» қоғамдық қоры «Жастар арасында экологиялық мәдениетті нығайту жөніндегі шаралар көшенін әзірлеу және іске асыру» жобасы аясында «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ және ҚР Ақпарат және

қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен мектеп оқушылары арасында экологинг мектебін іске қосты.

Мектеп ережесіне сәйкес, түрлі байқаулар өткізу міндеттерінің бірі саналад және осы мақсатта 1 маусымнан бастап еліміздің жас экологерлері арасында **«Ең үздік эковидео»** байқауы жарияланады.

Байқаудың мақсаты – экологиялық тақырыптағы видеороликтер базасын құру және жаппай тарату арқылы оқушылардың экологиялық тәрбие беру жолдары туралы білімдерін кеңейтуге және халықты табиғатты қорғау бағытындағы нақты іс-әрекеттерге ынталандыруға ықпал ету.

Байқау жер шарының табиғатқа ұқыпты көзқарас қалыптастыратын экологиялық және әлеуметтік жарнаманы жасауға, сондай-ақ мектеп оқушыларының экологиялық мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

«Біздің сапт-дәстүріміз» - қоршаған өлемді сақтау туралы отбасы және мектеп дәстүрі;

«Менің кішікентай Отаным» - табиғатты қорғау, Отаның, қаласың, ауылың құрметтеу;

«Менің экодетім» - өзіңнен бастау керек екенін түсіну, өзінді пайдалы экодеттерге дағдыландыру;

«Болашақ планетасы» - планетамызды құтқару үшін болашақ технологиялар туралы шығармашылық ойлау;

«Адам және жануарлар» - адамның үй және жабайы жануарларға қатынасы және біздің іс-әрекеттеріміз жануарлар өлеміне қалай әсер етеді, ал жақсы экологиялық әдет жануарлар өлемін жақсартуға, кейде құтқаруға көмектеседі.

Байқауға Қазақстанның 7-11 сынып оқушылары шақырылады, ол үшін 2022 жылдың 31 шілдесіне дейін мемлекеттік немесе орыс тілінде видеомаатериал дайындап, ұйымдастырушыларға жіберу қажет.

Байқау қорытындысы биылғы жылдың қыркүйек айында шығарылады. Ал жеңімпаздар дипломдармен және құнды кітаптармен марапатталады.

ПРОДЛЕН СРОК ПРИЕМА РАБОТ НА РЕСПУБЛИКАНСКИЕ ЭКОКОНКУРСЫ ДЛЯ ШКОЛЬНИКОВ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



CISC



ЭФ «Экологический Фонд Казахстана»

ВНИМАНИЕ!

ДОПОЛНИТЕЛЬНАЯ ИНФОРМАЦИЯ ПО ЭКОКОНКУРСАМ

www.ecoblog.kz

www.ekofond.kz

 [eco.fond](https://www.facebook.com/eco.fond)

 [eco.fondast](https://www.instagram.com/eco.fondast)



Экологический фонд Казахстана сообщает о продлении срока подачи работ на республиканские экоконткурсы для учащихся.

По данным Всемирного банка, ежегодно человечество производит чуть более 2 млрд. тонн твердых бытовых отходов в мире. К 2050 году эта цифра грозит вырасти до 3,4 млрд тонн.

А по данным ООН, почти половина населения мира страдает от нехватки воды. По оценкам экспертов, более 780 миллионов человек во всем мире не имеют доступа к чистой питьевой воде. А 1,7 млрд человек нуждаются в пресной воде. Ежегодно тысячи людей умирают из-за отсутствия чистой воды и антисанитарных условий в мире.

Принимая во внимание такие проблемы, Экологический фонд Казахстана активно работает в этом направлении с детьми школьного возраста. Для этого фонд организует различные мероприятия и конкурсы.

С 1 июня текущего года по инициативе Казахстанского экологического фонда проводится 3 конкурса:

1. **Республиканский конкурс**

«Переработка мусора», «Мой лучший двор»

Цель – способствование расширению знаний учащихся о способах переработки и вторичном использовании бытовых отходов.

2. **Республиканский конкурс «Как я дома экономлю воду!»**

Цель – воспитание бережного отношения и экономии воды учащихся школ страны. А также раскрытие и реализация творческих способностей и потенциала детей путем вовлечения в инновационную деятельность.

3. **Республиканский конкурс для юных блогеров «Самое лучшее эко видео»**

Цель – способствование расширению знаний учащихся о способах экологического просвещения и мотивация населения на конкретные действия в деле сохранения природы с помощью создания и массового распространения базы видеороликов с экологической тематикой.

Условия: нужно снять интересное видео не более 2-х минут на тему конкурса и отправить до 15 июля. Однако, в связи с многочисленными обращениями, поступившими от чи-

тателей Экологического фонда Казахстана, а также с учетом летних каникул школьников СРОК ПРИЕМА РАБОТ ПРОДЛЕН.

Теперь заинтересованные учащиеся могут присылать свои видео на конкурсы до 31 июля т.г.

Итоги конкурсов будут известны в сентябре этого года. Победители будут награждены дипломами, книгами и ценными подарками. Главный приз – ноутбук.

Хотим отметить, что конкурсы проводятся в рамках проекта «Разработка и реализация комплекса мер по укреплению экологической культуры среди молодежи», при поддержке НАО «Центр поддержки гражданских инициатив» и Министерства информации и общественного развития РК.

Подробная информация про каждый конкурс прилагается.

Республиканский конкурс «Переработка мусора», «Мой лучший двор»

По данным Всемирного банка, ежегодно человечество производит чуть более 2 млрд. тонн твердых бытовых отходов в мире. К 2050 году эта цифра грозит вырасти до

3,4 млрд тонн.

В 2021 году по данным Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК, в стране насчитывалось 7 300 стихийных свалок, из которых ликвидировано 88% что составляет 6 600 свалок. Доля переработки отходов в 2021 году составила 20,2%. В аналогичном периоде 2020 года доля составляла 15,8%.

С целью способствовать расширению знаний учащихся о способах переработки и вторичном использовании бытовых отходов. Научить, как правильно сортировать мусор Общественный фонд «Экологический фонд Казахстана» с 1 июня объявляет о старте Республиканского конкурса «Переработка мусора», «Мой лучший двор» среди учащихся школ в возрасте от 10-17 лет Казахстана.

Конкурс проводится в рамках проекта «Разработка и реализация комплекса мер по укреплению экологической культуры среди молодежи», при поддержке НАО «Центр поддержки гражданских инициатив» и Министерства информации и общественного развития РК.

Проведение Конкурса способствует расширению знаний о бытовых отходах, необходимости раздельного сбора, научить сортировать мусор; воспитанию бережливого отношения к окружающей среде, а также привлечению и развития у школьников экологической культуры.

Для участия в Конкурсе до 31 июля 2022 года необходимо подготовить видеоматериал на государственном или русском языке по следующим номинациям

1. «Дадим вторую жизнь мусору»; 2. «Как я дома сортирую мусор»; 3. «Мой двор – самый чистый Двор».

Подведение итогов состоится в сентябре т.г. и победители будут награждены грамотами, книгами.

Республиканский конкурс «Как я дома экономлю воду!»

По данным ООН, почти половина населения мира страдает от нехватки воды. По оценкам экспертов, более 780 миллионов человек во всем мире не имеют доступа к чистой питьевой воде. А 1,7 млрд человек нуждаются в пресной воде. Еже-

годно тысячи людей умирают из-за отсутствия чистой воды и антисанитарных условий в мире.

Нехватка водных ресурсов имеется и в нашей стране, и по прогнозам к 2040 году может столкнуться с существенным дефицитом водных ресурсов в объеме 50% от потребности.

С целью воспитания бережного отношения и экономии к воде учащихся школ страны для раскрытия и реализации творческих способностей и потенциала детей путем вовлечения в инновационную деятельность Общественный фонд «Экологический фонд Казахстана» с 1 июня объявляет о старте Республиканского конкурса «Как я дома экономлю воду!» среди учащихся 1-9 классов Казахстана.

Конкурс проводится в рамках проекта «Разработка и реализация комплекса мер по укреплению экологической культуры среди молодежи», при поддержке НАО «Центр поддержки гражданских инициатив» и Министерства информации и общественного развития РК.

Проведение Конкурса способствует вовлечению молодежи в пропаганду бережного использования водных ресурсов; созданию условий для использования интеллектуального потенциала молодежи в решении экологических проблем Республики Казахстан.

Для участия в Конкурсе до 31 июля 2022 года необходимо подготовить видеоматериал на государственном или русском языке и направить Организаторам.

Подведение итогов состоится в сентябре т.г. и победители будут награждены грамотами, книгами.

Республиканский конкурс для юных блогеров «Самое лучшее эко видео»

В апреле т.г. Общественным фондом «Экологический фонд Казахстана» в рамках реализации проекта «Разработка и реализация комплекса мер по укреплению экологической культуры среди молодежи», при поддержке НАО «Центр поддержки гражданских инициатив» и Министерства информации и общественного развития РК была запущена школа эко блогинга среди школьни-

ков.

Согласно Положения школы одним из задач является проведение различных Конкурсов, и с этой целью с 1 июня объявляется Конкурс «Самое лучшее эко видео» среди юных эко блогеров страны.

Цель конкурса – способствовать расширению знаний учащихся о способах экологического просвещения и мотивация населения на конкретные действия в деле сохранения природы с помощью создания и массового распространения базы видеороликов с экологической тематикой.

Проведение Конкурса способствует созданию эколого-социальной рекламы, формирующей бережное отношение к природе планеты, а также привлечение и развития у школьников экологической культуры.

Конкурс проводится по следующим номинациям:

1. «Наши традиции» – семейные, школьные традиции о бережении окружающего мира;

2. «Моя малая Родина» – защита природы, бережное отношение к своей Родине, городу, посёлку;

3. «Моя – экопривычка» – понимание того, что нужно начать с себя, приучить себя к полезным экопривычкам);

4. «Планета будущего» – креативное мышление о технологиях будущего для сохранения нашей планеты;

5. «Человек и животные» – отношение человека к домашним и диким животным и как наши действия, отражающиеся на мире животных, а хорошие экопривычки помогают улучшить, а иногда и спасти животных мир.

Для участия в Конкурсе приглашаются активные ученики 7-11 классов Казахстана, для этого необходимо подготовить видеоматериал на государственном или русском языке и направить Организаторам до 31 июля 2022 года.

Подведение итогов состоится в сентябре т.г. и победители будут награждены грамотами, книгами.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛАДЫ



Кеше ауданымызға арнайы іссапармен «Қызмет» салалық кәсіподағы Ақтөбе облыстық филиалының төрайымы Мухтарита Сағындықова келді. Аудан әкімдігінің мәжіліс залында мемлекеттік қызметкерлермен кездескен Мухтарита Мұханбетқалиқызы «Қызмет» салалық кәсіподағы алдында тұрған міндеттеріне тоқталып, аудандағы мемлекеттік қызметкерлермен ашық сұхбат құрды.

Кездесу жиынында аудан әкімі Асқар Қазыбаев мемлекеттік қызметтің маңыздылығын түсіндіріп, олардың еңбек жағдайын жақсарту-

ды ұйымдастыруға және құқықтарын сақтауды қамтамасыз етуге, еңбек тәртібін сақтауы жөнінде өңгіме өрбітті. Сондай-ақ, аудан әкімі мен «Қызмет» салалық кәсіподағы Ақтөбе облыстық филиалының төрайымы Мухтарита Сағындықова өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Бұл маңызды құжат аясында мемлекеттік қызметкерлердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда оларды қорғау бағытындағы жұмыстарды бірлесе жүргізетін болады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

СУРЕТШІНІ ЖЕРЛЕСТЕРІ ЕСКЕ АЛДЫ



Өткен жұма күні Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихи музейінің ұйымдастыруымен экслибрист және графикшы, жерлесіміз Әнуар Жұмағалиұлы Өтеген-Тананың 80 жылдық мерейтойына арналған «Суретші, графикшы, қып-лап шебері Әнуар Өтеген-Тананың туғанына 80 жыл» тақырыбында сурет көрмесі мен танымдық шара өтті. Шараға жерлесіміздің қарындасы Жібек Жұмағалиқызы және ұлы, жиегі бірге қызметтес болған жандар мен шәкірттері, ойылдық азаматтар қатынасты.

Көрме және танымдық шараны музей директоры Балқия Рысбаева ашып, тағылымды іс-шараның басты мақсатына тоқталып, оның мәні мен маңызы жайлы кеңінен өңгімелеп берді.

Әнуар Өтеген-тананың еңбектерінен көрме жасақталып, көрме шараға келушілерге таныстырылып өтті. Шараға келушілер өздерінің жылы лебіздерін білдіріп, естелік өңгімелерімен бөлісті. Шара барысында арнайы Әнуар Өтеген-тананың өмір деректері мен қызметтері қамтылған бейнеролик көрсетіліп, тартатпа парақшалар үлестірілді.

Осы орайда шараға арнайы қатынасқан Ойыл ауданы әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев сөз сөйлеп, суретшінің ұрпағы Нұркен Әнуарұлына, сыйлық табыс етті. Өз кезегінде музей қорына естелік ретінде Әнуар Өтеген-тананың туындысын тарту етті. Аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары өсем өнмен шараны өрледі.

EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНА КІРУ БИОМЕТРИЯ АРҚЫЛЫ ҚОЛЖЕТІМДІ

EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНА БІР ЖОЛМЕН – БОМЕТРИЯ АРҚЫЛЫ КІРУГЕ БОЛАДЫ. ЖАҢАРТУЛАР АЗАМАТТАРҒА ҚОСЫМШАНЫҢ КӨБІРЕК ФУНКЦИОНАЛЫН ПАЙДАЛАНУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН.

Енді eGov mobile қосымшасында авторизациядан өту оңайырақ болды. Ол үшін Digital ID бейне идентификациясынан өтіп, ЭЦП кілттерін алу керек. Айта кету керек, бұрын қосымшаға кіру қысқа SMS коды немесе ЭЦП кілттері арқылы жүзеге асырылды. Енді кіру тек биометрия арқылы жүзеге асырылатын болады. eGov Mobile қосымшасында биометрияны пайдалану мынадай мүмкіндіктер береді: -Қосымша функционалды мүмкіндіктер, оның ішінде Face ID, саусақ ізі немесе қысқа код арқылы қосымшаға кейіннен кіру (смартфонға және ондағы параметрлерге байланысты); -Push-хабарламаларды алу мүмкіндігі; -Е-отініш платформасы арқылы сұраныстарды жіберу және т.б.; -Мемлекеттік қызмет көрсету тарихында, егер процесті аяқтауға уақыт болмаса, қызметті алуды жалғастыру мүмкін болады; -Жеке деректерді неғұрлым сенімді қорғау.

«Бұрын бізге пайдаланушылардан авторизациялау кезінде бір реттік SMS-парольден бас тарту біршама қолайсыздықтарға әкеліп соғатыны туралы шағымдар келіп түсетін, олар биометрия рәсімінен өткізілмейді. Бірақ шын мәнінде Digital ID қазақстандықтарға бір реттік парольден гөрі қызметтерді алу мүмкіндігін береді. Енді биометрияны қолдану арқылы авторизациялау процесі өлдекейде жеңіл және жылдам болды. Біз еркін қазақстандықтардың жеке деректерінің қауіпсіздігіне мән береміз және бұл ретте авторизацияның осы түрін арттықтықшылықтары көп», - деді «Ұлттық ақпараттық технология-

лар» АҚ Басқарма Төрағасы Ростислав Коняшкин. Сәтті авторизациядан өту және ЭЦП кілттерін жасағаннан кейін қосымшаға келесіде Face ID, Touch ID (саусақ ізі) және/немесе қысқа код арқылы жүзеге асырылады. Айта кереік, бүгінгі күні eGov mobileмобильді қосымшасында 400-ге жуық eGov.kz порталының мемлекеттік қызметі мен жеке тұлғаларға арналған электрондық лицензия қызметтері қолжетімді. Ай сайын шамамен 2,4 млн. қазақстандық eGov mobile қосымшасын белсенді қолданады. Пайдаланушылар арасында «Цифрлық құжаттар» сервисінде 18 құжат бар. Бүгінде цифрлық құжаттарды мына жағдайларда қолдануға болады: -ішкі рейстерге арналған елдің өуежайларында; -теміржол вокзалдарында вагондарға отырғызу және «ҚТЖ» АҚ билеттерін сатып алу кезінде; -«Отбасы банк» АҚ және «БЖЗҚ» АҚ филиалдарында; -Beeline ұялы байланыс операторының бөлімшелерінде; -Екінші деңгейлі банктерде (Kaspi.kz, Halyk Bank қызметтерін алу кезінде); -«Freedom finance» АҚ және«Қазақтелеком» АҚ кеңселерінде; -«Қазпошта» АҚ пошталық сөлемдерді қабылдау және жөнелту, кассалық операцияларды қолдану кезінде; -Халыққа қызмет көрсету орталықтарында (көші-қон қызметін қоспағанда) мемлекеттік қызметтерді алу кезінде;

- Валюта айырбастау пункттері мен нотариустарда пайдалануға болады.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы

ШӨП ЖӨРМЕҢКЕСІ

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ҚАЗІРДЕН ОЙЛАЙЫҚ!



Сенбі күні аудан орталығында шөп жөрмеңкесі өтті. Село тұрғындарының қысқы мал азығымен қамтылуы үшін ауданға қарасты өр ауылдық округтен шаруа қожалықтар өзірлеген шөп келді. Жөрмеңке алаңына 1500 дана тюк шығарылды. Бір тюктің бағасы 450 теңгеден сатылды. Мал азығының жөрмеңкесін Саралжын ауылдық округінен, Берсиев, Сарбие, Қайыңды, Ойыл ауылдық округтерінен келген шаруа қожалықтар қыздыра түсті. Аталған ауылдық округтерден шөп тиіп келген көліктердің дөңгелегі суығанша үстіндегі шөптері өтіп үлгерді. Қазір шөптің құнары бойынан кете қоймаған шақ. Місі де аққып тұр. Биыл мал азығының түсімі де мол. Алайда жайбарақат жүруге болмайды. Алдымызда күз мезгілі

күтіп тұр. Асықпай жүргенімізде құбылмалы күз мезгілі жауын-шашынды болуы өбден мүмкін. Сондықтан, «Тұрғындар құлағына алтын сырға!» Мал азығын ауламызға түсіріп алуға асығайық ағайын.

Р.С. ШӨП ЖӨРМЕҢКЕСІНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ АБАТ МҮБӘРАКОВ АРНАЙЫ ҚАТЫСЫП, ТҰРҒЫНДАРҒА МАЛ АЗЫҒЫН ЕРТЕРЕК АЛУ КЕРЕКТІГІН АЙТТЫ. СОНДАЙ-АҚ «МҰНДАЙ ЖӨРМЕҢКЕ АЛДАҒЫ УАҚЫТТА ЖАЛҒАСЫН ТАБАДЫ ЖӘНЕ ДЕ ЕҢ ТӨМЕНГІ БАҒА ОСЫНДА. БІЗ ШӨПТІҢ БАҒАСЫН ҮНЕМІ БАҚЫЛАУДА ҰСТАЙТЫН БОЛАМЫЗ», - ДЕДІ.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

ҚАЙЫҢДЫ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖОЛДЫҢ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА РЕЙД ЖҮРГІЗІЛДІ



Қайыңды бағытындағы жолға қазіргі уақытта орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Партиялық бақылау комиссиясының мүшелері аталған жолдардың жөндеу жұмыстармен танысты. Қайыңды ауылы бағытындағы жолды орташа жөндеу жұмыстарының тексеру барысында

комиссия мүшелері тарапынан ескертулер берілді. Жол құрылысы жүріп жатқан іргедегі Көсембай аулы тұрғындары тарапынан түскен наразылықтарды ескере отырып партиялық бақылау тобының мүшелері бұл жолдың жұмыстарын назарға алды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ВХОД В МОБИЛЬНОЕ ПРИЛОЖЕНИЕ EGOV MOBILE ДОСТУПЕН ЧЕРЕЗ БИОМЕТРИЮ

В МОБИЛЬНОМ ПРИЛОЖЕНИИ EGOV MOBILE МОЖНО БУДЕТ АВТОРИЗОВАТЬСЯ ТОЛЬКО ОДНИМ СПОСОБОМ – С ПОМОЩЬЮ БИОМЕТРИИ. ОБНОВЛЕНИЯ ПОЗВОЛЯЮТ ГРАЖДНАМ ИСПОЛЬЗОВАТЬ БОЛЬШЕ ФУНКЦИОНАЛА В ПРИЛОЖЕНИИ И НАПРАВЛЕННЫ НА СОХРАНЕНИЕ БЕЗОПАСНОСТИ ПЕРСОНАЛЬНЫХ ДАННЫХ КАЗАХСТАНЦЕВ.

Теперь стало проще пройти этап авторизации в мобильном приложении eGov Mobile. Для этого нужно пройти видео-идентификацию Digital ID и получить ЭЦП ключи. Отметим, что ранее вход в приложение осуществлялся с помощью короткого SMS кода либо ЭЦП ключей. Теперь вход будет осуществляться только через биометрию.

Что дает авторизация с помощью биометрии в приложении eGov Mobile: - больше функциональных возможностей, в том числе последующий вход в приложение через Face ID, отпечатку пальца либо короткого кода (в зависимости от смартфона и настроек на нем); - возможность получать Push уведомления; - отправку обращений через платформу e-otinishi т.д.; - в истории госуслуг можно будет продолжить получение услуги, если не успели завершить процесс; - более надежную защиту персональных данных.

«Ранее мы получали жалобы от пользователей о том, что отказ от одноразового смс-пароля приводит к некоторым неудобствам при авторизации, и они не хотели проходить процесс биометрии. Но на самом деле Digital ID дает казахстанцам больше функциональных возможностей для получения услуг, чем одноразовый пароль. К тому же процесс авторизации с помощью биометрии стал намного проще и быстрее. Также мы всегда заботимся о безопасности персональных данных казахстанцев, аданный вид

авторизации в этом имеет много плюсов», - отметил Председатель Правления АО «Национальные информационные технологии» Ростислав Коняшкин.

После успешной авторизации и создания ЭЦП ключей последующий вход в приложение будет осуществляться с помощью Face ID, Touch ID (отпечаток пальца) и/или короткого кода.

Отметим, что сегодня в мобильном приложении eGov Mobile доступны порядка 400 госуслуг eGov.kz и услуги e-license для физических лиц. Ежемесячно мобильным приложением eGov Mobile активно пользуются порядка 2,4 млн. казахстанцев.

Популярный среди пользователей сервис «Цифровые документы» содержит 18 документов. Сегодня цифровыми документами можно воспользоваться в:

- аэропортах страны при внутренних перелетах;
- при посадке в вагоны на железнодорожных вокзалах и покупке билетов АО «КТЖ»;
- в отделениях АО «Отбасы Банк» и АО «ЕНПФ»;
- оператора сотовой связи Beeline;
- при получении услуг в банках второго уровня (Kaspi.kz, HalykBank);
- в офисах АО «Freedomfinance» и АО «Казактелеком»;
- получении и отправке почтовых посылок, и кассовых операциях АО «Казпочта»;
- при получении госуслуг в ЦОН-ах (за исключением миграционной службы);
- пунктах обмена валют и у нотариусов.

Управление по связям с общественностью АО «НИТ»



Ойыл селосының тұрғыны Жалғас Мусинді мерейлі 75 жасымен құттықтаймыз!

Ауданымыздың статистика саласында ұзақ жылдар бойы абыройлы қызмет атқарған Жалғас Сабырғалиұлы Мусинді 75 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Осы қуанышты күні деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын! Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, дос-жаран мен тума-туыс алдында абыройыңыз ердайым арта берсін! Немере-шөберелеріңіз көбейіп, ұрпақтарыңыздың қызығы мен қуанышын көре беріңіз!



ҚҰРМЕТПЕН, ІЗБАСАРЛАРЫҢЫЗ, ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ СТАТИСТИКА БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҰЖЫМЫ.

Ойыл селосының тұрғыны Гайсина Меңзия анамызды 29 шілде 55 жасқа толуымен құттықтаймыз!

Осыған орай, ардақты да асыл анашымызды шын жүрегімізден құттықтаймыз.

Деніңізге саулық, шаңырағыңызға ырыс-байлық, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз.

Ердайым осы қалпыңыздан танбай, жетістіктен жетістікке жете беріңіз.

Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын.

Жүзіңізден шуақ кетпей, ғұмыр бойы мәз-мейрам болып, өмірдің қызығына тоймай, ортамызда жүре беріңіз.

Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз артып, аңсаған армандарыңыздың асуларына шыға беріңіз.

Жұлдызыңыз жоғары, мерейіңіз үстем болып, қуанышқа көнеліңіз.

Құттықтаушылар балалары: Аңсаған, Балауса, Думан.



Елге елеулі елу беске келгенің. Осы жаста аз болмапты бергенің. Ұлағатты ұрпағыңмен мың жаса, Қызық пенен думан болып көргенің.

КӨПТОҒАЙДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ



Өткен аптада «AMANAT» партиясы Ойыл аудандық филиалының мобильді қоғамдық қабылдау тобының мүшелері меслихат хатшысы Сөкен Займолдин, аудандық меслихат депутаттары, фракция мүшелері Сәндібек Нұрбаев, Исатай Берғалиев, Мейрамгүл Омарова Көптоғай елді-мекенінің тұрғындарын қабылдады. Көптоғай ауылының тұрғындары тарапынан Көптоғай ауылдық округінің Құрман дәрігерлік амбулаториясын салу көрсеткішінің мәселесі бойынша алынып жатқан шаралар туралы, ауылшілік жолдардың жөндеу, азық-түлік бағасы, мал азығын сатып алу және жеке кәсіп бастау сияқты мәселелері ортаға салынды.

Ойыл аудандық меслихат хатшысы Сөкен Займолдин ауыл тұрғындарына партияның «Жол картасы» аясында жолдың құрылыс жұмыстары басталғанын және оны қатаң бақылауда ұстайтынын, сонымен қатар мал азығының бағасын халық пен кәсіпкердің пікірлерін ескере отырып

екі тарапқа да тиімді бағаны назарға алатындығын жеткізді. «AMANAT» партиясы Ойыл аудандық филиалының мобильді қоғамдық қабылдау тобының мүшелері одан кейін округке қарасты Амангелді, Қарасу Шұбар-ши елді-мекенінің тұрғындарын қабылдады. Тұрғындар тарапынан келіп түскен өтініштер тұрғын үй, жұмысқа орналасу, мал азығы сынды өзге де мәселелер болды. Барлық түскен өтініштерге тиісінше жауап беріліп, Қазақстан Республикасының заңдылығына сәйкес қарау үшін мемлекет органдарға жолданды. Одан өрі қабылдау тобы салынып жатқан жолдардың жұмыс барысымен танысып аталған жұмыстардың белгіленген уақытта аяқталатынына көз жеткізді. Көшпелі мобильді топтардың мақсаты – жергілікті жерлердегі халықтың мұң-мұқтажына құлақ асып, олардың өтініштерін қабылдау. Мұндай жұмыстар басқа да ауылдық мекендерде жалғасын табады.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ТУРНИРІ ТӨРТ ОТАБАСЫНА КӨМЕК БОЛДЫ



«Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің», – дейді қазақ. Иә, қайырылы болу халқымыздың бойында ежелден қалыптасқан қасиет. Адам бар жерде өртүрлі турмыстық, әлеуметтік қиындықтар тұмауы мүмкін емес.

Өртүрлі өмір қиындықтарына тап болған жандарға жанашыр болу Ойыл жастарының ердайым жадында. Осы орайда Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы ағымдағы жылдың 21—22 шілде аралығында «КҮШІМІЗ БІРЛІКТЕ» атты шағын футболдан қайырымдылық турнирін ұйымдастырды.

Ерлік еддетте жұмсақ мінезді серік етеді, сондықтан ер жүрек адам қайырымдылық жасауға басқадан гөрі қабілетті келетінін білеміз. Осындай рухты жастардан құралған 8 коман-да қайырымдылық турниріне қаты-

сып, 8 отбасын қуантты. «КҮШІМІЗ БІРЛІКТЕ» атты шағын футболдан қайырымдылық турниріне Темір ауданы, Кенкияқ кентінен, Ойыл ауданының орталығынан және ауылдық округтерден қатысқан командалар ішінен «Белсенді қатысқаны үшін» «Қарайым» мен «Сәт» командасы марапатталса, үшінші орынға «Кенкияқ» қол жеткізді. Екінші орында «1991» командасы еңшілесе, бас жүлдеге «Ойыл» командасы ие болды. Сонымен қатар «Үздік қақпашы» номинациясы бойынша екі жасқа, «Үздік қорғаушы» номинациясы бойынша екі жасқа алғыс хаттар табысталып, сыйлықтар берілді. Жоғарыда айтыа өткеніміздей, турнирден түскен 80 мың теңге Ойылдағы төрт мұқтаж отбасына берілді.